жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бағдарламасы бойынша 1 конкурстық құжатты дайындау көзделген. 2-кесте: 2018 жылғы жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысулар бойынша ақпаратқа сәйкес жұмыс атқарылған.

*Алматы облысының даму бағдарламасындағы мекеме қызметіне қатысты мақсаттардың орындалуы*

Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 14 желтоқсандағы №51-288 шешімімен АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ бекітілген. Бағдарламаның 1 бағыты. Экономика бойынша 2-нші мақсат Өнеркәсіптің үдемелі дамуын қамтамасыз ету бойынша келесі нысаналы индикаторлар бойынша көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланып, іс жүзінде қол жеткізілген:

| № | Нысаналы индикаторлар | Өл.бірл | 2016 | | 2017 | | 2018 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жоспар | факт | жоспар | факт | жоспар | факт |
| 1. | Өңдеу өнеркәсібі өнімін шығарудың НКК | % | 100,6 | 100,5 | 101,3 | 102,8 | 103,0 | 102,1 |
| 2. | Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі | % | 90,0 | 93,7 | 101,4 | 84,8 | 102,6 | 88,0 |
| 3. | Өңірдегі жалпы экспорт көлемінен шикізаттық емес тауарлар көлемінің үлесі | % | 83,1 | 83,1 | 96,9 | 97,2 | 102,3 | 118,5 |

2016 жылы Өңдеу өнеркәсібі өнімін шығарудың НКК нысаналы индикаторы орындалмаған. Лауазымды тұлғалардың түсіндірмесі бойынша құрылыс индустриясындағы өнімге сұраныстың төмендеуі және Астана қаласында «Кока кола Алматы Ботлерс» ЖШС ұқсас зауыттың іске қосылуы әсер еткен.

2017 жылы Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі нысаналы индикаторы орындалмаған. Лауазымды тұлғалардың түсіндірмесі бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек ететіндер санының өсуіне байланысты орындалмаған.

2018 жылы Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі нысаналы индикаторының орындалуы туралы статистикалық мәліметтер жарияланбауына байланысты анықталмады.

Бағдарламаның 1 бағыты. Экономика бойынша 4-нші мақсат Шағын және орта кәсіпкерлікті және сауданы дамыту бойынша келесі нысаналы

серу комиссиясы
2 дана

индикаторлар бойынша көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланып, іс жүзінде қол жеткізілгені:

| № | Нысаналы индикаторлар | Өл.бірл | 2016 | | 2017 | | 2018 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жоспар | факт | жоспар | факт | жоспар | факт |
| 4. | Тіркелгендердің жалпы көлеміндегі әрекет етуші шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі | % | 87,9 | 84,5 | 84,3 | 77,0 | 78,0 | 81,4 |

2016-2017 жылдары нысаналы индикатор орындалмаған. Лауазымды тұлғалардың түсіндірмесі бойынша Статистика департаментімен қайталанып тіркелген шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлердің қайталанғандарын жоюы салдарынан орындалмаған.

| № | Нысаналы индикаторлар | Өл.бірл | 2016 | | 2017 | | 2018 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жоспар | факт | жоспар | факт | жоспар | факт |
| 5. | Бөлшек сауда көлемінің НКК | % | 100,4 | 101,6 | 105,0 | 107,1 | 105.8 | 107,2 |
| 6. | «Бөлшек сауда» қызмет түріндегі сауда алаңы 2000 ш.мтерден кем емес сауда объектілерінің санын арттыру | бірлік | 1 | 4 | 2 | 2 | 2 | 5 |

Бағдарламаның 1 бағыты. Экономика бойынша 6-ншы мақсат Инновацияларды дамыту және инвестициялар тарту бойынша келесі нысаналы индикаторлар бойынша көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланып, іс жүзінде қол жеткізілгені:

| № | Нысаналы индикаторлар | Өл.бірл | 2016 | | 2017 | | 2018 | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жоспар | факт | жоспар | факт | жоспар | факт |
| 7. | Жан басына шаққанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны | % | 100,3 | 101,9 | 102,0 | 91,7 | 101,0 | 101,7 |

комиссиясы
2 дана

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | Өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға инвестициялардың көлемі | Млрд теңге | | | 23,3 | 79,6 | 77,2 | 80,0 |
| 9. | Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі сыртқы инвестициялардың үлесі | % | 21,0 | 8,4 | 9,0 | 11,1 | 11,1 | 13,4 |
| 10. | 2015 жылға шикізаттық емес секторда негізгі капиталға инвстициялардың өсуі (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды есептемегенде) | % | 103,0 | 105,1 | 105,5 | 99,6 | 105,9 | 118,1 |
| 11. | Әрекет етуші кәсіпорындар санынан инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі | % | 1,3 | 13,6 | 8,3 | 12,6 | 8,3 | 18,3 |
| 12. | Жалпы өңірлік өнім көлеміндегі инновациялық өнім үлесін арттыру | % | 12,0 | 12,6 | 1,1 | 12,4 | 0,5 | 4,7 |
| 13. | Әзірленген құжаттамаларға оң қорытындыларды алған МЖӘ жобалардың санын көбейту және олар бойынша конкурсты жариялау | Оң қорытынды алған жоба саны | 5 | 8 | 5 | 4 | 5 | 0 |

...ру комиссиясы 2 дана

2016 жылы Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі сыртқы инвестициялардың үлесі нысаналы индикаторы орындалмаған. Лауазымды тұлғалардың түсіндірмесі бойынша 2016 жылға жоспарланған «Маревен Фуд Тянь-шань» ЖШС, «Империя Фуд» ЖШС және «Loyalmaty Group» ЖШС жобаларын іске қосу 2017-2020 жылдарға ауыстырылуына байланысты орындалмаған.

2017 жылы Жан басына шаққанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны, 2015 жылға шикізаттық емес секторда негізгі капиталға инвстициялардың өсуі (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды есептемегенде) нысаналы индикаторлары орындалмаған. Лауазымды тұлғалардың түсіндірмесі бойынша облыс тұрғындарының санының өсуі және мүлік пен ірі инфрақұрылымдық жобаларды жекешелендіру акциясының аяқталуына байланысты негізгі капиталға инвестиция 6,8 пайызға төмендеген.

2018 жылы Әзірленген құжаттамаларға оң қорытындыларды алған МЖӘ жобалардың санын көбейту және олар бойынша конкурсты жариялау

нысаналы индикаторы орындалмаған. Лауазымды тұлғалардың түсіндірмесі болмады (*Талдау барысында Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 14 желтоқсандағы №51-288 шешімімен бекітілген АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ бойынша деректер қолданылды*).

Жалпы саны 13 нысаналы индикатор бойынша 2016 жылы - 3, 2017 жылы - 4, 2018 жылы - 1 нысаналы индикатор орындалмаған және 2018 жылғы 1 нысаналы индикатордың орындалуы туралы статистикалық мәлімет шықпаған. Осылайша, даму бағдарламасы бойынша нысаналы индикаторлар 2016 жылы – 23,1%, 2017 жылы – 30,8%, 2018 жылы – 7,8% орындалмаған (*Кесте 3. Нысаналы индикаторлардың орындалуы туралы ақпарат Қосымша №10 - 12 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі*).

**Тармақ 11.**

2016 жылға мекеме тарапынан бюджеттік бағдарламалардың жобалары жасалмағандығы, бекітілмегендігі, жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына келісілмегендігі және бекітілгеннен кейін ол күнтізбелік 3 күн ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің веб-сайтында орналастырылмағандығы анықталды. 2017 жылға 001 «Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» және 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламалар бойынша ғана бюджеттік бағдарламалардың жобалары жасалған. Осылайша, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің» 66 бабы, 2 тармағының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларының» 16, 19, 23 және 28 тармақтарының сақталмағандығы анықталды. Аталған бұзушылық аудитпен қамтылған үш қаржылық жылда да кездесті, жүйелік сипатқа ие (*Қосымша №19. 11 тармақ бойынша лауазымды тұлғаның түсініктемесі - 1 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі*).

**№4 мемлекеттік аудит көрсеткіші: Тиімділік.**

Өлшемшарты – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санының және жаңадан құрылған жұмыс орындарының санының артуы.

Оның мәселелері:

5. *Аумақтың әлеуметтік – экономикалық дамуына мемлекеттік орган жоспарлаған және іске асырған бюджеттік бағдарламалардың қосқан үлесіне талдау жүргізу.*

*Аймақтық индустрияландыру картасының орындалуы*

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №582 «Алматы облысының 2015-2019 жылдарға арналған аймақтық индустрияландыру картасын бекіту туралы» қаулысына (енгізілген өзгерістерімен) сәйкес 2016 жылы іске қосуға 2 жоба: 1) Инновациялық технология бойынша темір кенін өңдеу мен қайта өңдеу арқылы шекті шойынды алу (Текелі қаласы), құрылыс кезінде 120, іске қосылған кезде 500

жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған; 2) Жем қоспа және майлы өнімдерді шығару өндірістік кешенінің құрылысы (Талдықорған қаласы), құрылыс кезінде 40, іске қосылған кезде 355 жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған.

«ТГПК» ЖШС-ң директоры К.Жамакиннің 2019 жылғы 08 қазандағы жағдайға берген ақпараты бойынша Инновациялық технология бойынша темір кенін өңдеу мен қайта өңдеу арқылы шекті шойынды алу (Текелі қаласы) жобасы бойынша өндіріс 2016 жылғы 06 желтоқсанда іске қосылған. Бүгінгі күнге ЖШС-те 915 адам жұмыспен қамтылған. 2016 жылғы екінші жоба туралы ақпарат ұсынылмады.

2017 жылғы 5 сәуірдегі №176 Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысының 2015-2019 жылдарға арналған аймақтық индустрияландыру картасын бекіту туралы» қаулысына (енгізілген өзгерістерімен) сәйкес 2017 жылы іске косуға 4 жоба: 1) Алматы облысында шошқа өсіру шаруашылығы негізінде ет және шұжық өндірісін ұйымдастыру (Қаратал ауданы) - құрылыс кезінде 70, іске қосылған кезде 60 жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған; 2) Шыны зауытының құрылысы (Қарасай ауданы) - құрылыс кезінде 120, іске қосылған кезде 400 жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған; 3) Металконструкцияларды өндіру бойынша зауыт (Қарасай ауданы) - құрылыс кезінде 80, іске қосылған кезде 120 жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған; 4) Нұрлы ауылында 2500 қуаттылығымен ет бағытындағы құс фабрикасын құру (Еңбекшіқазақ ауданы) - құрылыс кезінде 35, іске қосылған кезде 90 жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған.

«Агро-Инвест-Қаратал» ЖШС директорының 2019 жылғы 08 қазандағы №75 шығыс хатына сәйкес Алматы облысында шошқа өсіру шаруашылығы негізінде ет және шұжық өндірісін ұйымдастыру (Қаратал ауданы) жобасы 2019 жылғы 24 маусымда іске қосылған. Бүгінгі күнге ЖШС-те 64 адам жұмыспен қамтылған.

«Алматы стекло» ЖШС зауыты бойынша Шыны зауытының құрылысы (Қарасай ауданы) жобасы 2016 жылдан қызмет етеді. Бүгінгі күнге ЖШС-те 400 адам жұмыспен қамтылған. Ақпаратты ұсынушы Қарасай ауданының кәсіпкерлік бөлемінің басшысы 2019 жылғы 09 қазандағы №351 шығыс хатымен.

«Қарасай машинақұрау зауыты» ЖШС директорының 2019 жылғы 08 қазандағы №QMOZ-LET-082 шығыс хатына сәйкес зауыт 2017 жылы ашылған. Бүгінгі күнге ЖШС-те 283 адам жұмыспен қамтылған.

«Нұрлы құс» ЖШС директорының 2019 жылғы 07 қазандағы №61 шығыс хатына сәйкес құс фабрикасы 2018 жылы іске қосылған. 20 жұмыс орны құрылған.

2018 жылғы 19 сәуірдегі №183 Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысының 2015-2019 жылдарға арналған өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасын бекіту туралы» қаулысына (енгізілген өзгерістерімен) сәйкес 2018 жылы іске қосуға 3 жоба: 1) Тамақ өнімдерін өндіру бойынша зауытты құру (Қапшағай қаласы) - құрылыс кезінде 140, іске қосылған кезде 400 жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған; 2) Қаратал ауданында кеңейтілген керамзит

өндіру үшін қазіргі заманғы жоғары технологиялық зауытты құру - құрылыс кезінде 60, іске қосылған кезде 42 жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған; 3) Жедел саты жабдықтарын шығару өндірісі - құрылыс кезінде 80, іске қосылған кезде 10 жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған.

«Маревен Фуд Тянь-Шань» ЖШС Тамақ өнімдерін өндіру бойынша зауытты құру (Қапшағай қаласы) жобасын 2018 жылғы маусымда іске қосқан. 370 тұрақты жұмыс орны қамтамасыз етілген. Ақпаратты ұсынушы Қапшағай қаласының кәсіпкерлік бөлімінің басшысы 2019 жылғы 09 қазандағы №01-20/309 шығыс хатымен.

«AS Biba» ЖШС Қаратал ауданында кеңейтілген керамзит өндіру үшін қазіргі заманғы жоғары технологиялық зауытты құру жобасы 2018 жылғы 17 қыркүйекте іске қосылған. Жаңа жұмыс орнымен 25 адам қамтылған. Ақпаратты ұсынушы Қаратал ауданының кәсіпкерлік бөлімінің басшысы 2019 жылғы 09 қазандағы №49 шығыс хатымен.

«LGS Kazakhstan elevator Group» ЖШС Жедел саты жабдықтарын шығару өндірісі жобасын 2018 жылы іске қосқан. 30 жұмыс орны құрылған. Ақпаратты ұсынушы Талғар ауданының кәсіпкерлік бөлімінің басшысы 2019 жылғы 09 қазандағы №01-04-лот/265 шығыс хатымен *(Қосымша №20. Индустриаландыру картасының орындалуы туралы ақпарат - 27 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі.*.

Индустрияландыру карталарының орындалуын бағалау кезінде жоспарланған 9 жобаның 8 іске қосылғандығы анықталды. Жем қоспа және майлы өнімдерді шығару өндірістік кешенінің құрылысы (Талдықорған қаласы), құрылыс кезінде 40, іске қосылған кезде 355 жұмыс орыны қамтылуы жоспарланған «Агрокешен Жетісу Мажико» ЖШС-не қатысты жоба туралы ақпарат болмауы себепті толыққанды бағалау мүмкін болмады.

**Тармақ 12.**

108 «Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бағдарламасы бойынша 01.01.2019 жылға 2411 шоты бойынша мекеменің теңгерімінде тұрған жалпы құны 92467,4 мың теңге, соның ішінде «Алматы облысының Қапшағай қаласындағы «Арна» индустриалды аймаққа инженерлік-көліктік инфрақұрылым құрылысы» объектісі бойынша техникалық-экономикалық негіздемеге корректировка – теңгерімдік құны 16659,9 мың теңге, «Алматы облысының Жамбыл ауданындағы «Қазбек» индустриалды аймаққа инженерлік-көліктік инфрақұрылым құрылысы» объектісі бойынша техникалық-экономикалық негіздеме – теңгерімдік құны 75807,5 мың теңге жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленбеген және бекітілмеген жобалау алдындағы құжаттама «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001

жылғы 16 шілдедегі N242 Заңының 60 бап, 7 тармағына сәйкес ескірген болып есептеледі.

Жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленбеуіне қатысты лауазымдық тұлғалар келесідей түсініктеме берді: теңгерімдік құны 16659,9 мың теңге «Алматы облысының Қапшағай қаласындағы «Арна» индустриалды аймаққа инженерлік-көліктік инфрақұрылым құрылысы» объектісі бойынша техникалық-экономикалық негіздемеге корректировка 2016 жылғы 11 қаңтардағы №2-3564/15 ісі бойынша сот шешімімен мекеменің мердігер «Энергохолдинг LTD» ЖШС-н жосықсыз деп тану туралы арызы қанағаттандырылмаған. Жобалау жұмыстары бүгінгі күнге дейін аяқталмаған.

Теңгерімдік құны 75807,5 мың теңге Алматы облысының Жамбыл ауданындағы «Қазбек» индустриалды аймаққа инженерлік-көліктік инфрақұрылым құрылысы» объектісі бойынша техникалық-экономикалық негіздеме 2017 жылғы 05 қыркүйектегі №1912-17-00-2/1333 сот шешіміне сәйкес мемлекеттік сараптамадан өтпеген, мемлекеттік нормативті талаптарға сәйкес еместігі анықталған. 75807,5 мың теңге мердігер тарапынан бюджетке қайтарылуға жатқызылған.

Осылайша, жалпы теңгерімдік құны 92467,4 мың теңге құрайтын техникалық-экономикалық негіздеме тиімсіз орындалған деп танылды *(Қосымша №21. 12 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 28 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

**Тармақ 13.**

108 «Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бағдарламасы бойынша 2017 жылғы 18 сәуірдегі №18 өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу әдісімен «Талдықорғангеодезиякварц» ЖШС-мен «Алматы облысы Сарқан ауданы Қойлық ауылында қант қызылшасын қабылдау пунктінің құрылысына» техникалық-экономикалық негіздеме жасауға 2020,0 мың теңгеге келісім шарт жасалған. 2017 жылғы 24 қыркүйектегі техникалық жиналыстың хаттамасымен құрылыс объектісін инвестициялаудың мақсаттылығы қаралған. Ақсу қант зауытының қалыпқа келтірілуі және іске қосылуы бойынша жұмыстардың жүргізілуіне байланысты келісім шартты тараптардың келісуімен жою және нақты шығындардың өтелуін қамтамасыз ету туралы шешім қабылданған. 2017 жылғы 27 қыркүйектегі қосымша келісіммен келісім шарт күшін жойған. 2017 жылғы 21 маусымдағы №11 орындалған жұмыстар актісіне сәйкес 1010,5 мың теңгенің жұмысының ақысы төленген. Теңгерімдік құны 1010,5 мың теңге «Алматы облысы Сарқан ауданы Қойлық ауылында қант қызылшасын қабылдау пунктінің құрылысына» техникалық-экономикалық негіздеме «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және

Есеп комиссиясы 2 дана

құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 60 бап, 7 тармағына сәйкес жұмыстың тоқтатылуына байланысты жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленбейтіні және бекітілмейтіні анық болғандықтан, тиімсіз орындалған деп танылды *(Қосымша №22. 13 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары - 19 парақта 2019 жылғы 11 қазандағы Аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

**2.1.1.3. Үстеме тексерудің қысқаша нәтижелері:**

1. «Аграрлық несие корпорациясы» Акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалында 009 «Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына микро кредит бері үшін «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның еншілес ұйымдарына кредит беру» бюджеттік бағдарламасының мақсатына сәйкес жұмсалуына үстеме аудит жүргізілді. Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) 2016 жылғы 1 қаңтар – 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы мерзім қамтылып, бұзушылық анықталмады.

2. «Даму» кәсіпкерлік дамыту қоры Акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалында «Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-на бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуына үстеме аудиті жүргізілді. Аудиторлық іс-шарамен 007 «Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ға кредит беру», 010 «Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау», 011 "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру, 027 «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағадарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру», 069 «Моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру» бюджеттік бағдарламалары қамтылды. Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) 2016 жылғы 1 қаңтар – 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы мерзім қамтылып, келесі бұзушылық анықталды:

1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272 бабының, 2018 жылғы 16 шілдедегі №1 «Даму» кәсіпкерлік дамыту қоры Акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы және «Парасат» ЖК арасындағы субсидиялау туралы келісім шарттың 12 тармағы, 5 тармақшасының, 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №192/2018 хаттамамамен, «Даму» кәсіпкерлік дамыту қоры Акционерлік қоғамының басқармасының шешімімен бекітілген жүзеге асырылатын бағдарламалар шегінде жобаларды субсидиялау бойынша регламенттің 110, 111, 112, 113 тармақтарының талаптары сақталмаған. Бағдарламаға сәйкессіздік фактілері анықталған жағдайда жоба бойынша несие алушыға аударылған сыйақы сомаларын қайтаруды қамтамасыз ету бойынша шаралар жүзеге асырылмаған. 2019 жылғы 03 сәуірдегі Жобаны жүзеге асырылатын орынына шығу арқылы жоспарлы

түрде мониторингілеу туралы есеп беруге сәйкес 25770,4 мың теңгенің шығыны жобаны субсидиялау мақсатына сәйкес емес екендігі анықталған. Келісім шарт бойынша сома 50000,0 мың теңге, субсидиялауды тоқтатқанға дейін аударылған субсидия сомасы 2503,9 мың теңге, қайтарылуға жатқызылатын субсидиялау сомасы 1307,8 мың теңге.

3. «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы өңірілік даму институты акционерлік қоғамында 028 «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде ағымдағы іс-шараларды іске асыру» және 065 «Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту» бюджеттік бағдарламалардың мақсатына сәйкес жұмсалуына үстеме аудитін жүргізілді. Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) 2016 жылғы 1 қаңтар – 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы мерзім қамтылып, келесі бұзушылық орын алған:

Сервистік дайындау орталығына лизингке беру үшін ауылшаруашылық техникасы мен қант қызылшасының ұрығын сатып алу жобасын іске асыру барысында 78381,5 мың теңге үнемделген қаражат курстық айырмадан қалыптасқан. Және Көксу ауданында сүт-тауарлы ферманы құру жобасын іске асыру барысында 36090,0 мың теңге үнемделген қаражат курстық айырмадан қалыптасқан. Аталған екі жобаны іске асыру барысында қалыптасқан үнемделген қаражаттың жалпы сомасы 114471,5 мың теңгені құраған. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 97 бап, 3 тармағына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, ағымдағы шоттарындағы олардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындылары бойынша бюджет қаражатын үнемдеу түрінде қалыптасқан пайдаланылмаған қалдықтар:

қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы пайдаланылмаған қалдықтарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен бюджеттік инвестициялардың ағымдағы қаржылық-экономикалық негіздемесіне түзету жүргізіп және (немесе) жаңасын әзірлей отырып, жаңа және (немесе) ағымдағы жобаны (жобаларды) іске асыруға бағыттау;

егер үнемдеу сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50000 еселенген мөлшерінен аспайтын болса, үнемделген қаражатты квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқару органының (құрылтайшының) шешімі бойынша жобаның қаржылық-экономикалық негіздемесіне түзету жүргізбестен, даму мақсаттарына (жаңғыртуға, активтер сатып алуға) қолдану арқылы пайдаланылуы мүмкін.

Іске асыру қорытындылары бойынша бюджет қаражатын үнемдеу түрінде қалыптасқан пайдаланылмаған қалдықтар бүгінгі күнге дейін ешбір бағытта пайдаланылмауы 114471,5 мың теңге 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 97 бап, 3

тармағының талаптарының сақталмауы, сәйкес іс-шаралардың атқарылмауы, лауазымды тұлғалардың әрекетсіздігі салдарынан орын алған.

**III. Қорытынды бөлік.**

**3.1.Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:**

3.1.1 Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:

**№1 мемлекеттік аудит көрсеткіші:** Мәнділік. Мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде іріктеліп қаралғандардың арасында 9 тармақ бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқу, сондай-ақ қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер анықталды.

**№2 мемлекеттік аудит көрсеткіші:** Үнемділік. Қызметтің бағаланатын нәтижелерінің тиісті сапасын сақтай отырып, осы нәтижелерге қол жеткізу үшін бөлінген ресурстардың құнын барынша азайту бойынша талдау жасау барысында 004 «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шаралар іске асыру» бағдарламасы бойынша шығындарды жоспарлау, бюджет қаражатын жұмсау барысында мекеменің лауазымды тұлғаларының қаржылық жауапкершілігі төмен болған деген туралы пікір қалыптасты.

**№3 мемлекеттік аудит көрсеткіші:** Нәтижелілік. Әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасына талдау жасау барысында мекеме қызметінің 2016-2017 жылдары нәтижеге бағытталып атқарылғандығы мүлдем дәлелденбеді, 2018 жылғы қызметінде нәтижеге бағытталу деңгейі төмен болған деген пікір қалыптасты.

**№4 мемлекеттік аудит көрсеткіші:** Тиімділік. Жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасына талдау жасау барысында 2 тармақ бойынша бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалғандығы анықталды. Тиімсіз бюджет қаражатын жұмсауға мекеме қызметінің жоспарлы түрде нәтижеге бағытталған қызметін ұйымдастыру және атқару бойынша мекеме қызметкерлерінің жауапкершілігінің төмен болуы әсер еткен деген пікір қалыптасты.

Аудит жүргізу барысында 13 тармақ бойынша бұзушылықтар анықталды: қаржылық бұзушылықтар сомасы - , оның қалпына келтірілетіні - , бюджет есебіне қайтарылатыны - . Рәсімдік бұзушылықтар - , тиімсіз жұмсалған бюджет қаражаты және тиімсіз пайдаланылған активтер құны - .

**3.1.2. Аудиторлық іс-шараның негізгі нәтижелері:**

3.1.2.1. Аудит объектісінің (өңірлік және елдік бөліністе аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының, жалпы экономиканың) мезо/макро деңгейде әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау

Аудитпен қамтылған кезең аралығында жалпы сомасы 17675277,4 мың теңге бюджет қаражаты жұмсалған, оның ішінде: 7207993,0 мың теңге «Даму» кәсіпкерлік дамыту қоры Акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы арқылы жұмсалған, 800000,0 мың теңге «Аграрлық несие корпорациясы» Акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы арқылы жұмсалған, 7485515,0 мың теңге «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы жұмсалған және 2181769,4 мың теңге «Алматы облысы кәсіпкерлік және индустриалдық – инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесімен жұмсалған.

«Даму» кәсіпкерлік дамыту қоры Акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалымен 7207993,0 мың теңге бюджет қаражатын игеру барысында жалпы саны 43 кәсіпкерге несие берілген, 783 жағдайда «Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялаған, 139 жағдайда "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру, 27 жағдайда «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағадарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру жүзеге асырылған, 106 жағдайда моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру жүзеге асырылған. Жиыны 2016-2018 жылдар аралығында 1098 жағдайда кәсіпкерлерге бюджет қаражаты есебінен қолдау көрсетілген.

«Аграрлық несие корпорациясы» Акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалымен 800000,0 мың теңге бюджет қаражатын игеру барысында жалпы саны 74 кәсіпкерге несие берілген.

«Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамымен 7485515,0 мың теңге бюджет қаражатын игеру барысында 5374182,0 мың теңгеге аудиторлық актілер ұсынылғандықтан, ағымдағы аудитпен қамтылғаны 2076530,0 мың теңге. Қаражат келесідей жұмсалған: 95 дана техника 1151176,0 мың теңгеге сатып алынған және 13 ауылшаруашылық субъектілеріне таратылған. 13710 отырғызылатын бірлік қант қызылшасының ұрығы сатып алынған және 715 шаруа қожалығына таратылып берілген.

«Алматы облысы кәсіпкерлік және индустриалдық – инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 2181769,4 мың теңге бюджет қаражатын игеру мекеменің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттерін атқару барысында жұмсалған.

3.1.2.3. Негізгі аудит объектісінің қызметінің тиімділігін (өңірлік бөліністе аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының, әлеуметтік-экономикалық дамудың) жетілдіру және арттыру үшін анықталған резервтер

Резервтер:

- 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексін, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысын, «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №64 бұйрығын және басқа да жоспарлау жүйесіне қатысты нормативті құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, мекеме қызметінің нәтижеге бағытталуын жоспарлы түрде қамтамасыз ету мүмкіндігі.

- Мекеменің жоспарланған қызметін іске асыруы барысында бюджет қаражатын жоспарлау және жұмсау кезінде 04.12.2008 жылғы №95-IV Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 4 бабында қаралған келесі принциптердің мекеме қызметкерлерімен сақталуы үшін лауазымдық міндеттемелерде қаралуын қамтамасыз ету: нәтижелілік қағидаты – стратегиялық жоспарларда, аумақтарды дамыту бағдарламаларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарлану; негізділік принципі - бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалану; тиімділік қағидаты –ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге алу; жауапкершілік принципі - тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер басшыларының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін шешімдер қабылдағаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған қажетті әкімшілік және басқару шешімдерінің қабылдануы; бюджет қаражатының атаулылығы мен нысаналы сипатының қағидаты –Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, бюджет қаражатын стратегиялық жоспарларда, аумақтарды дамыту бағдарламаларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемелерінде көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағыттау және пайдалану мүмкіндіктері.

**3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:** Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

**3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**

Анықталған бұзушылықтар бойынша лауазымды тұлғалардан түсініктеме алынды.

**IV. Қосымшалар:**

1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымшасы (10 парақта);
2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (5 парақта);
3) Кесте 1. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат №3 қосымша (9 парақта);
4) Аудиторлық іс-шара мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған мемлекеттік аудит жүргізілген құжаттардың Тізбесі №4 қосымша (1 парақта);
5) Мекеме басшысының ұсыным хаты №5 қосымша (1 парақта);
6) Хабарлама №6 қосымша (1 парақта);
7) Құрылтай құжаттарының көшірмелері №7 қосымша (37 парақта);
8) Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы туралы апта сайынғы есеп №8 қосымша (3 парақта);
9) Кесте 2. №9 Қосымша (22 парақта);
10) Кесте 3. Нысаналы индикаторлардың орындалуы туралы ақпарат №10 Қосымша (12 парақта);
11) 1 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №11 Қосымша (40 парақта);
12) 2 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №12 Қосымша (72 парақта);
13) 3 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №13 Қосымша (52 парақта);
14) 4 - 5 тармақтар бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №14 Қосымша (66 парақта);
15) 6 - 7 тармақтар бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №15 Қосымша (69 парақта);
16) 8 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №16 Қосымша (30 парақта);
17) 9 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №17 Қосымша (116 парақта);
18) 10 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №18 Қосымша (15 парақта);
19) 11 тармақ бойынша лауазымды тұлғаның түсініктемесі №19 Қосымша (1 парақта);
20) Индустриаландыру картасының орындалуы туралы ақпарат №20 Қосымша (27 парақта);
21) 12 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №21 қосымша (28 парақта);

22) 13 тармақ бойынша анықталған бұзушылықтың дәлелдемелік құжаттары №22 қосымша (19 парақта).

**Тексеру комиссиясының қызметкері:**
**Бас маман – мемлекеттік аудиторлар** **Ө. Абеубакиров**

**Ж. Шағжанов**

**Б. Кенесжан**

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:

_________________________ _________________________
*(лауазымы)* *(қолы, аты-жөні, тегі)*

Тексеру комиссиясы
2 дана

*Аудиторлық есеп екі данада жасалды:*

*1-ші дана № 008313 бланкте:* «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

*2-ші дана № 008315 бланкте:* «Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесіне.